

Тәжекеев Ә.Ә.¹, Султанжанов Ж.К.²

¹тарих ғылымдарының кандидаты,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
жанындағы «Археология және этнография» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі,
Қазақстан, Қызылорда қ., e-mail: azik8484@mail.ru
²Кемерово мемлекеттік университетінің магистранты,
Ресей, Кемерово қ., e-mail: jeka_1994.11@mail.ru

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ОҒЫЗДАРДЫҢ СӘУЛЕТ ӨНЕРІ ТУРАЛЫ

Мақалада Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан ортағасырлық сәулет ескерткіштері – мұнаралар жайлы баяндалады. Мұнаралардың сипаттамалары беріле отырып, олар туралы халық арасында сақталған аңыздар талданады. Бұл ескерткіштердің мерзімделуі және функционалдық мақсатын талқылау үшін С.П. Толстов, С.Г. Хмелницкий, Е.М. Байтенов, Б.А. Ибраев, М.Б. Қожа, Ж.К. Құрманқұлов пен Ә.Ә. Тәжекеевтің еңбектері пайдаланылды. Мұнаралардың 1946 жылы С.П. Толстов ашқан «батпақты қалалар» мәдениетінің контекстінде қаралуы, мерзімделу мәселесін шешуде негізгі фактор болып отыр. Ұзынтам, Бегім ана және Сараман-қоса мұнаралары «батпақты қалалар» мәдениетінің құрамына кіретін оғыз кезеңінің қалашықтарымен (Кескен күйік қала, Күйік қала және Жанкент) сәйкестендіріліп ІХ-ХІ ғғ. мерзімделеді. Кешенді археолого-архитектуралық зерттеу жұмыстары жүргізілмегендіктен мұнаралардың функционалдық мақсатына байланысты сұрақ әлі ашық күйінде тұр.

Түйін сөздер: Сырдарияның төменгі ағысы, ортағасыр, сәулет ескерткіштері, мұнаралар, археология, архитектура.

Tazhekeyev A.A.¹, Sultanzhanov Zh.K.²

¹Candidate of historical sciences,
Head of the Research Center «Archeology and Ethnography» at Kyzylorda State University
named by Korkyt Ata, Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: azik8484@mail.ru

²Master's program student of Kemerovo State University,
Russia, Kemerovo, e-mail: jeka_1994.11@mail.ru

On the building art of medieval Oguzes

The article presents medieval sites of architecture – the towers, located of the lower reaches of the Syr Darya River. The descriptions of the towers are given and the folk legends associated with them are analyzed. To solve the problem of their dating and functional purpose used works of S.P. Tolstov, S.G. Khmelnitsky, E.M. Baitenov, B.A. Ibraev, M.B. Kozha, Zh.K. Kurmanulov and A.A. Tazhekeyev. When solving dating issues, the main factor is the consideration towers's in the context of the culture of «marsh sites», which opened in 1946 by S.P. Tolstov. Towers Uzuntam, Begim Ana and Saraman-Kosa are compared with the sites (Kesken kuik-kala, Kuik-kala and Jankent) of Ogyz time and date from the IX-XI centuries. These monuments were not investigated by a complex archaeological and architectural method, in connection the question of the functional purpose of the towers remains open.

Key words: lower reaches of the Syr Darya, middle Ages, architectural monuments, towers, archeology and architecture.

Тажекеев А.А.¹, Султанжанов Ж.К.²

¹кандидат исторических наук, руководитель Научно-исследовательского центра «Археология и этнография» при Кызылординском государственном университете имени Коркыт Ата, Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: azik8484@mail.ru

²магистрант Кемеровского государственного университета, Россия, г. Кемерово, e-mail: jeka_1994.11@mail.ru

О строительном искусстве средневековых огузов

В статье представлены средневековые памятники архитектуры – башни, расположенные в низовьях реки Сырдарья. Даются описания башен, также анализируются связанные с ними народные предания. Для решения проблемы их датировки и функционального назначения используются труды С.П. Толстова, С.Г. Хмельницкого, Е.М. Байтенова, Б.А. Ибраева, М.Б. Кожа, Ж.К. Курманқұлова и А.А. Тажекеева. При решении вопросов датировки основным фактором служит рассмотрение башен-мунара в контексте культуры «болотных городищ», открытой в 1946 г. С.П. Толстовым. Башни Узынтам, Бегим ана и Сараман-қоса сравниваются с городищами огузского времени (Кескен куюк-кала, Куюк кала, Джанкент), которые входят в состав культуры «болотных городищ». Таким образом, башни датируются IX–XI вв. Эти памятники не были исследованы комплексным археолого-архитектурным методом, в связи с чем вопрос о функциональном назначении башен остается открытым.

Ключевые слова: Низовья реки Сырдарья, средневековье, памятники архитектуры, башни, археология, архитектура.

Кіріспе

Сырдария өзенінің төменгі ағысын жағалай орналасқан ортағасырлық ескерткіштер қатарында қалалар, кесенелер, жерлеу орындары және т.б. кездеседі. Солардың ішінде әлі күнге дейін жоспарлы археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілмеген сәулет өнерінің туындылары – мұнаралардың орны ерекше.

Мұнаралар туралы алғашқы дереккөздер XIX ғ. екінші жартысынан бастап кездеседі. Ресей патшалығы әскерінің генералы А.И. Макшеевтың еңбегінде Бегім ана, Сараман-қоса және Ұзынтам мұнараларының сипаттамалары берілген (Макшеев, 1856: 68). 1865 жылы бұл өңірде жұмыс сапарымен әскер сапындағы тарихшы Л.Л. Мейер болған. Ол ортағасырлық Жанкент қалашығының сипаттамасын бере отырып, Бегім ана мұнарасы туралы келесі мәліметті жеткізеді: «одан (Жанкенттен – Ж.С.) он шақырым (верста)¹ жерде бейіт орналасқан, (ол) күйдірілген кесектен тұрғызылған сегізбұрышты мұнара секілді, биіктігі 8 қарымды (сажень)² құрайды, (ол) Бикмен-ана атауымен белгілі» (Мейер, 1865: 286). Мұнаралар туралы кезекті деректер Түркістан әуесқойлар үйірмесі мүшелерінің жазбаларында кездеседі. 1897 ж. үйірменің кезекті отырысында И.В. Аничков Сырдарияның төменгі ағысында орналасқан ежелгі ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының есебін береді. Баян-

дамада зерттеуші Сараман-қоса мен Бегім ана мұнараларына тоқталып өтеді. Есептің мәтіні баспаға түсіп, оған қосымша Сараман-қоса мұнарасының суреті бірінші рет жарияланды (Аничков, 2011: 120-123). Л.Л. Мейер мен И.В. Аничковтың жинаған мәліметтері И.А. Кастанье 1910 ж. дайындаған «Қырғыз даласы мен Орынбор өлкесінің ескерткіштер жинағына» кіреді (Кастанье, 1910: 225-227). Бегім ана және Сараман-қоса мұнаралары туралы қысқаша мәліметтер «Қазақстанның археологиялық картасында» бар (Археологическая карта Казахстана, 1960: 192).

Ескерткіштерге жоспарлы зерттеу жұмыстары 1983-1986 жж. Қазақ КСР-інің Орталық Кеңесі тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының экспедициясымен жүргізілген. Далалық зерттеу барысында, бұған дейін А.И. Макшеев атап өткен – Ұзынтам мұнарасы архитектуралық әдіспен зерттеліп және Бегім ана мен Сараман-қоса мұнараларына қайта қалпына келтіру жұмыстары орындалады. Экспедиция мүшелері мұнаралардың қас бетінің, жоспарының және қимасының сызбаларын сызды. Атап өтетін жайт, жұмыс барысында алғашқы рет Қызылорда облысында орналасқан сәулет ескерткіштерінің төлқұжаттары дайындалған.

«Қазжобақалпына келтіру» институтының архитекторлары Б.А. Ибраев, Е.М. Байтенов, Ш. Әбдібаев және т.б. аталған ескерткіштерді ғылыми айналымға енгізеді (Ибраев, 1980: 40-44; Байтенов, 1986: 43-46; 1990: 335-336;).

¹ 1 верста = 1066,8 м.

² 1 сажень = 2,1 м.

2004-2006 жж. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында Шығыс Арал маңында орналасқан ескерткіштерге «Шірікқабат археологиялық экспедициясының (ШРАЭ)» барлау тобымен археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зерттеу барысында археологтар Ж.Қ. Құрманқұлов және Ә.Ә. Тәжекеев мұнаралардың географиялық координаталарын белгілеп, ғылыми суреттерін түсіреді. Жұмыстың нәтижесі «Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы» атты ұжымдық еңбекте жарияланған (ҚР тарихи..., 2011). Археолог М. Қожа 2012 ж. мұнараларды аралап өтіп, олардың сипаттамасын береді (Қожа, 2014: 390-400).

Сонымен, осы уақытқа дейін мұнаралар көбінесе архитектуралық әдіспен зерттелгенін байқаймыз. Зерттеуші М. Қожа әділ атап өткендей, мұнараларды зерттеу барысында кешенді археолого-архитектуралық әдіс қажет. Мақаланың негізгі мақсаты мұнаралардың мерзімделуі мен функционалдық қызметі туралы мәселелерді қарастыру. Алдымен олардың сипаттамасына тоқталайық.

Мұнаралардың сипаттамалары

Ұзынтам мұнарасы Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Түктібаев ауылынан 15 шақырым жерде орналасқан (1-сурет). Географиялық координаттары N 45°41'82,2" E 061°21'44,0".

Ол шаршы пішінді қам кесектер мен (22-23x22-23x5-5,5 см) күйдірілген кірпіштерді араластыра отырып тұрғызылған. Негізінің диаметрі – 7,30 м, биіктігі – 10 м, қабырғасының қалыңдығы – 1,7 м-ді құрайды. Ескерткіш қазіргі кезде қатты қираған, өзінің алғашқы кескінін жоғалтқан кіреберіс ойығы солтүстік-шығысқа бағытталған. Қазіргі кезде кіреберіс ойығы орналасқан қабырғаға қарама-қарсы бетте үлкен саңылау пайда болған. Жоспарында дөңгелек тәріздес болып келген мұнара жоғарыға қарай тарыла түседі. Мұнара ішінде парабола кескінді күмбез камерасы бар. Шама-сы, бұл бөлме күйдірілген кірпішпен қапталса керек. Мұнаның парапеті өзінің алғашқы бейнесін жоғалтқан. Ескерткіштің жанында қазақ қорымдары бар (Байтенов, 1986: 43-44; ҚР тарихи..., 2011: 298-299; Қожа, 2014: 392). Белгілі архитектор Е.М. Байтеновтың пікірінше, Ұзынтам мұнарасы Орта Азиядағы «мұнаралық кесенелер» атауымен белгілі ескерткіштердің прототипі болып есептеледі.



1-сурет – Ұзынтам мұнарасы

Ұзынтам мұнарасынан солтүстік-батыста 12 шақырым және Қазалы қаласынан оңтүстік-батыста 68 шақырым қашықтықта *Бегім ана мұнарасы* орналасқан (2-сурет). Географиялық координаттары: N 45° 45' 62,8»; E 061° 13' 87,6». Бегім ана ескерткіші төңірегінен биіктеу жайдақ төбеде тұр. Генерал А.И. Макшеев айтқандай: «мұнара төбе үстінде тұр, шамасы, ол жер кезінде арал болған сияқты, Қараарықтан 4 қарым, Арал теңізінің жағалауынан 10 қарым... Бұл жерде Қызылбаш ханның әйелі Чанджара жерленген». Мұнара шаршы пішінді (23x23x5-6 см) қам кесектермен тұрғызылып, сыртынан күйдірілген кірпіштермен қапталған. Ол жоспарында сегіз қырлы және жоғарыға қарай тарыла түседі. Биіктігі – 10 м. Мұнара діңі ортасына дейін монолитті, одан жоғары тастөбелік үлкен тесігі бар жоспарында дөңгелек күмбезді бөлме орналасқан. Бұл бөлмеге 4,8 м биіктікте орналасқан аркалы ойық апарайды. Қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілгенге дейін мұнаның тек жоғарғы жағында ғана күйдірілген кесектері сақталған болуы керек (Байтенов, 1990: 336; Қожа, 2014: 391-392).

Ескерткіш жөнінде ешқандай анық мағлұмат жоқ, дегенмен халық арасында Жанкент қала-

сының апаты мен мұнараны тұрғызу себебі туралы кеңінен аңыз тараған. Солардың бірі бойынша, бұл оқиға Мәлік-шахтың ұлы Санжар ханның Жанкентте билік еткен кезеңімен сәйкес келеді. Ол өзіне Қарабура әулиенің Бегім есімді сұлу қызын әйелдікке алады. Бір күндері хан әйелінің адалдығына күмәнданып, оның бұрымы мен сол қолын кесіп, зынданға тастауын талап етеді. Кейіннен Бегім сұлудың адалдығы дәлелденіп, кесілген бұрымы мен қолы қалпына келеді. Бірақ, Бегім құсқа айналып Арал теңізінің жағалауына ұшып кетеді. Аңыз бойынша, осы жағдайдан кейін Қара бураның қаһарына ұшыраған Жанкент жыландардың шабуылынан құлайды. Қаладан қашып құтылған адамдар, Бегімнің рухын тыныштандыру үшін мұнара тұрғызыпты деседі (Қоңыратбаев, 1996: 169).



2-сурет – Бегім ана мұнарасы

Аңыздың келесі нұсқасы да Санжар хан мен Бегім ананың өмірімен байланысты. Оқиғаның желісі бойынша бірде аңшылық құрып шыққан Санжар хан жолай қару-жарағын ұмытып, сарайына бір батырын жұмсайды. Бір шама уақыт өткенімен батыры оралмаған соң, ашуға мінген

Санжар кері қарай қайтады. Ал қаруды алуға келген батыр болса, Бегім сұлудың сарайда ер адам жоқ деген оймен, бет-жүзін ашық ұстап, сарайда серуендеп жүргенін көріп, Бегімнің сұлудығына тамсанған ол есінен танып қалады.

Сарайға келген хан әйелінің бөлмесінің маңында есінен танып жатқан батырды көріп, әйеліне опасыздық жасадың деп кінә тағады. Әйелінің ақталғанын тыңдамаған Санжар ашумен оның бұрымы мен қолының білезік тұсынан шауып тастайды. Бегім үйін тастап Арал маңындағы мұнарадан (Бегім ана мұнарасы) пана тауыпты. Бұл мұнара содан бері әулие Бегім ананың құрметіне салынған ескерткіш ретінде сақталып келеді.

Бегімнің әкесі Қарабура Санжар ханның қызына жасаған әділетсіздігіне ренжіп, Жаратушыдан әділеттік сұрап дұға жасайды. Бір түнде шашы мен қолының қайта қалпына келуі халықты таң қалдырады. Бірақ, әкесі сүйікті қызының жаралы жүрегін емдей алмайды.

Аңыз бойынша Жанкент қаласын жылан басып, ал халқы қаланы бір жола тастап кетеді. Керуендер жылан басқан қаланы айналып өтсе, құстар ұя салмай, ал жануарлар жақындауға қорқады...

Бұл аңыздардың тарихи оқиғалармен байланысы болса керек. Мысалы, С.М. Ақынжанов ортағасырлық жазба деректердің негізінде, қыпшақтарға, кейіннен оғыз тайпаларына «жылан» (народ змей) атаулы тайпаның шабуыл жасағанын жазады (Ахинжанов, 1969: 187). Ал тарихи деректер, оғыз мемлекетінің қыпшақ тайпаларымен болған шайқастың нәтижесінде құлағанына дәлел (Қазақстан тарихы, 2010, 318 б.). Осылайша, ортағасырлық оғыздар мен қыпшақтардың арасындағы тарихи шайқас, халық жадында жыланмен байланыстырылған аңыз ретінде сақталып қалуы мүмкін.

Сараман-қоса мұнарасы Кәукей ауылынан солтүстік-шығыста 3 шақырым жерде, Қуандарияның жағалауында орналасқан (Қазалы ауданы, Қызылорда облысы) (3-сурет). Географиялық координаттары: N 45°15'23,8'', E 061°47'48,4''.

Мұнара шаршы пішінді (25x25x5 см) қам кесектерден тұрғызылып, күйдірілген кірпіштермен қапталған. Ескерткішті XIX ғ. соңында көрген И.В. Аничков мұнараның биіктігі «15 сажень» (32 м) – деп жазады. Біздің ойымызша, ол мұнараның биіктігін жоғарылатып көрсеткен. Себебі, қазіргі уақытта мұнара жоспары дөңгелек тәріздес, негізінің диаметрі – 5 м-ге жуық, ал биіктігі – 15 м, қабырғасының қалыңдығы 1 м-ден

үлкен екені белгілі. Ескерткіштің қабырғасы 11 м биіктікке дейін ішке қарай тарыла түседі, әрі қарай кесілген конус сияқты күмбезбен көмкерілген. Мұнаның іші бір-бірінің үстіне орналастырылған екі бөлмеден тұрады. Үстіңгі бөлме өзара байланысты екі деңгейге бөлінген. Оның төменгісінде (оңтүстік-батыс жағында) үшбұрышты терезе ойығы бар. Қасбетте, оның астына сөре орналасқан. Жоғарғы бөлменің үстінде парапеттен қоршалған алаң бар. Алаңның үстінде жабындының жоқ болғанына қарамастан парапеттің солтүстік және оңтүстік қабырғаларында бір-бірден өтпелі тесіктері бар.



3-сурет – Сараман-қоса мұнарасы

Ескерткішке жүргізілген қайта қалпына келтіру жұмыстарынан кейінгі, астыңғы бөлмедегі кіреберіс ойықтың орналасуындағы қателікті атап өту қажет. Мысалы, 1897 ж. И.В. Аничков түсірген суретті сараптасақ, кіреберіс ойық мұнаның түбірінен биікте орналасқанын байқаймыз (Аничков, 2011: 122). Ал, 1990 ж. Е.М. Байтеновтың сызбасында мұнаның кіреберісі жердің дейгейінде орналасқан (Байтенов, 1990: 336). Біздің пікірімізше, қайта қалпына келтіру жұмыстары

жүргізілгенге дейін ескерткіштің төменгі жағы құлап, жалпы құрылысы төмендеген. Себебі, И.В. Аничковтың фотоқұжаттамасы мен «Қазжобақалпынакелтіру» экспедициясының зерттеу уақытына дейін арада бір ғасырдай уақыт өткен. Бұл көзқарасымыз, белгілі археолог М.П. Грязновтың бақылауына негізделеді. Орталық Қазақстандағы кесенелерді көрген ол, былайша болжам жасайды: табиғи факторлардың әсерінен кам кесектен тұрғызылған құрылыстың жоғарғы және төменгі жақтары бірдей бұзылады. Бұзылу салдарынан ескерткіш отырып, оның астында үйінді пайда болады (М.К. Қадырбаевтың сөздерінен алынған Ж.К. Құрманқұловтың мәліметі).

Сараман-Қоса мұнарасына да байланысты аңыз-әңгімелер ел арасында сақталған. И.В. Аничковтың жазып алған нұсқасы бойынша: «шамамен 20-25 ұрпақ бұрын, Сараман Ноғайдан қыз алып кетеді, есімі Қоса, (ол) Үргеніште тұрған. Олқызға ғашық болып қалған, бірақ (Қосаның) туыстары оларға жетіп алып, ұстап, сол жерде оларды өлтіреді, қазір ескерткіш тұрған жерде; бірақ, қарақалпақ батырлары Жоба мен Айдос келіп (соларға) ескерткіш тұрғызған. Бұл ескерткіш Сараманға арналған, ал Қосаға басқа ескерткіш тұрғызылған, жақын маңдағы құмда, бірақ ол сақталмаған <...> Аңыз бойынша, мұнара Арал теңізіне жақын жерде тұрғызылған» (Аничков, 2011: 120-121).

Сонымен, жоғарыда сипатталған мұнаралардың бірқатар ұқсастықтарын атап өтуге болады. Олар, өлшемдері 22-24x22-25x5-6 см болатын шаршы пішінді кам кесектерден тұрғызылып (Ұзынтам мұнарасынан бөлек), сыртынан күйдірілген кірпішпен қапталған. Сақталған биіктіктері 10-15 м аралығын құрайды. Мұнаралардың негіздері дөңгелек тәріздес келіп (диаметрлері 6 м-ге жуық) жоғарыға қарай тарыла түседі. Ішкі бөлігі бір немесе бір-бірінің үстіне орнатылған бөлмелерден тұрады.

Мұнаралардың мерзімделуі және функционалдық мақсаты туралы талқылаулар

Аталмыш ескерткіштердің ішінде байырғы келбетімен Ұзынтам мұнарасы ерекшеленеді. Е.М. Байтенов Ұзынтам мұнарасын б.з. I мыңжылдықтың соңымен мерзімдейді (Байтенов, 1986: 44). М. Қожа, С.Г. Хмелницкийдің пікіріне сүйене отырып, Сараман-Қоса мұнарасын X ғ., ал Бегім ана мұнарасын XI ғ. жатқызады. Қызылорда облысының тарихи және

мәдени ескерткіштері жинағында мұнаралардың барлығы Х-ХІ ғғ. мерзімделеді (ҚР тарихи..., 2011: 286; 298-300; 303-305).

Мұнарлармен қатар, Сырдария өзенінің төменгі ағысында ортағасырлық Кескен-күйік қала, Күйік қала, Жанкент қалашықтары орналасқан. Бұл ескерткіштер тобын С.П. Толстов «батпақты қалалар» мәдениетінің құрамына енгізіп, оларды оғыз қалаларының қатарына жатқызады (Толстов, 1962: 276). Өз кезегінде, бірқатар зерттеушілер, қарастырылып отырған конусты және күмбезді жабындылары («шатровые навершия») бар мұнараларды да оғыз халқының сәулет өнерімен байланыстырады (Пугаченкова, 1949: 67; Ибраев, URL: <http://tengrifund.ru/bashni-tyanushhie-nebo-i-problemy-ozareniya.html> (мәлімет қаралған күн: 30.01.2018)). Бұл жағдайда белгілі архитектор Е.М. Байтенов, Сырдың төменгі ағысында орналасқан мұнаралар бір тарихи-мәдени контексте пайда болуы мүмкіндігін айтады.

Осы пікірлердің негізінде, біз мұнараларды «батпақты қалалар» мәдениетінің контекстінде қарастырамыз:

Біріншіден, аталмыш мұнаралар «батпақты қалалар» мәдениетінің аумағында орналасқан;

Екіншіден, мұнара мен «батпақты қалалардың» құрылысында пайдаланылған материалдардың ұқсастықтары бар. Жоғарыда айттылып өткендей, мұнаралардың өлшемдері 22-24x22-25x5-6 см болатын шаршы пішінді кірпіштерден тұрғызылғаны белгілі. Бұл құрылыс әдісі Жанкент қалашығындағы ғимараттардың құрылысында ұқсастық табады. Мысалы, Жанкенттің шығыс бөлігінде орналасқан көп бөлмелі тұрғын үйдің қабырғаларын салу барысында (№1 қазба), өлшемдері 25x25x5-6 см-ді құрайтын шаршы пішінді қам кесектер пайдаланылған (Билялов, Султанжанов, 2017: 172). С.Г. Хмелницкий өлшемдері 20-23 см болатын шаршы пішінді кесектер ІХ-Х ғғ. Орта Азия архитектурасына тән екенін жазады (Хмелницкий, 1996: 48);

Үшіншіден, Жанкент қалашығы мен Бегім ана мұнарасын аңыздар байланыстырады.

Осылайша, мұнаралардың «батпақты қалалар» мәдениетінің аумағында орналасуы мен құрылыс материалдарының ұқсастығы және халық аңызының тарихи фонды, мұнараларды оғыз кезеңінің ескерткіштерімен сәйкестендіріп, оларды ІХ-ХІ ғғ. мерзімдеуге мүмкіндік береді.

Анықталғандай аталмыш ескерткіштердің негізін қалаушылар – оғыздар, бірақ мұнара-

лардың қызметі қандай? Әрине, бүгінде оғыздардың культтік ескерткіштері белгілі болмағандықтан, оны анықтау күрделі проблема. Дегенмен, халық фольклорын сараптау негізінде бұл ескерткіштердің функционалдық мақсаты туралы екі пікір қалыптасты: 1) *мұнаралар жерлеу үсті құрылысы немесе жерлеуге қатысы жоқ, бірақ, уақыт өте мұнара айналасы қорымға айналып киелі қызмет атқарады*. Мысалы, Бегім ана мұнарасына байланысты аңызда былай айтылады: «Бұл жерде Қызылбаш ханның әйелі Чанджара жерленген» (Макшеев, 1856: 68-69); 2) *мұнаралар мемориалды ескерткіштер қатарына жатады*. И.В. Аничков Сараманқоса мұнарасына байланысты аңызды сипаттай келе былай деп жазады: «бұл мұнара... өзінің келбетімен жерлеу ескерткіштеріне жатпайды» (Аничков, 2011: 120).

Е.М. Байтенов және т.б. бірқатар зерттеушілер екінші пікірді қолдайды. Белгілі ғалым, сәулетші Б.А. Ибраев: «жергілікті халық мұнараларды түнеу ғұрпымен байланыстырған» – деген тұжырымға келді (Ибраев, URL: <http://tengrifund.ru/bashni-tyanushhie-nebo-i-problemy-ozareniya.html> (мәлімет қаралған күн: 30.01.2018)). Ол бойынша, мұнаралар сол жерде қайтыс болған адамның рухымен қарым-қатынас орнату үшін арналған орын. Әрбір мұнаралардың жеке атаулары бар және олар жергілікті әулие немесе белгілі бір құдыретке тиесілі. Сол себепті мұнаралардың атауын білу, адамның сол жерге келу мақсатына көмегін тигізеді. Б.А. Ибраев оны Бегім ана мұнарасының жанында көптеген «құрбандыққа шалу» рәсімінің іздері (матаның үзінділері, тиындар, қойдың бас сүйектері мен мүйіздері) сақталғанын алға тартумен түсіндіреді. Бегім ананың рухы тек әйел адамдарға көмектеседі және ол жерге ер адамдардың баруына болмайды деген түсінік қалыптасқан. Зерттеуші ескерткішке келген адамдардың бедеуліктен, сал ауруынан және т.б. ем тапқаны туралы жағдайларды естігенін атап өтеді.

Археолог М. Қожаның көзқарасы да осы болжаммен сәйкес. Ол сырдариялық мұнараларды өзге «дің» және «діңгек» түбірлерімен аяқталатын еске алуға арналған культтік ескерткіштермен (Қарадің, Діңгек, Ак-Сарай-Динг) салыстыра отырып, мұнараларды қайтыс болған адамның рухына арналып салынған деп есептейді. Бұл зерттеушілердің пікірлері мұнара ішіндегі бейіттің болмауымен түсіндіріледі.

Осылайша, екінші тұжырымның дұрысты-

ғына негіз бар болғанымен, біздің ойымызша, бұл мәселе толықтай шешімін тапқан жоқ. М. Қожаның былайша сипаттамасы бар: «Ұзынтам мұнарасы үйіндінің үстіне орналасқан... ол келбетімен қорғанды еске салады!» Мұнаралардың функционалдық қызметін анықтау, оларды далалық археология әдісімен (археомангниттік барлау және қазба жұмыстары) зерттеу арқылы мүмкін болады. Осы әдіс арқылы зерттеген жағдайда олардың қәбір үсті жерлеу құрылысына қатысы бар немесе жоқтығы анықталады. Сонымен қатар, мұнаралардың толық өлшемдері көрсетілген сызбаларын жариялау қажет.

Қорытынды

Кейінгі кезеңде Сырдың төменгі ағысында оғыз мұнараларымен конструктивті ұқсастықтары бар мұнараларды тұрғызу дәстүрі қайта жанданады. Қазіргі уақытта XVIII–XX ғғ. мерзімделетін 40-қа жуық мұнара (Жомарт, Сарыбайқазған, Көсе, Айвал, Орақ, Караөзек, Еламан, Қызылбас, Наурызбай, Шалбас батыр және т.б.) белгілі. Кейінгі кезеңге жататын мұнаралардың көп бөлігі Сырдың көне арналары – Қуандария мен Жаңадария бойын жағалай орналасқан. Осылайша, ортағасырлық оғыздардың құрылыс өнеріндегі дәстүр кейіннен қазақ сәулет өнерінде жалғасын табады.

Әдебиеттер

- Аничков И.В. (2011) О некоторых местностях Казалинского уезда, интересных в археологическом отношении. Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии // Историко-культурные памятники Казахстана. Туркестан: Туран, 2011. С. 120-123.
- Археологическая карта Казахстана. (1960) Алма-ата: Изд-во АН КазССР, 1960.
- Ахинжанов С.М. (1995) Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. Алматы: Ғылым, 1995.
- Байтенов Э.М. (1986) Загадка башни Узынтама и другие памятники Приаралья. Памятники истории и культуры Казахстана. Алма-Ата: Казахстан. С. 43-46.
- Байтенов Э.М. (1990) Казахские мунара. Архитектурное наследие: [Сб. ст.]. Вып. 37. Москва: Стройиздат, 1990. С. 335-344.
- Билалов С.У., Султанжанов Ж.К. (2017) Археологические работы на средневековом городище Жанкент (по материалам 2016 г.) // Материалы международной научной конференции «Преемственность археологических памятников Туркестанского оазиса» посвященной 20-летию научно-исследовательского центра археологии. Туркестан, 2017. С. 170-177.
- Ибраев Б. А. Космогонические представления наших предков. Декоративное искусство СССР. 1980. №8. С. 40 – 44.
- Ибраев Б.А. Башни «тянущие небо» и проблемы озарения. URL: <http://tengrifund.ru/bashni-tyanushhie-nebo-i-problemy-ozareniya.html> (дата обращения: 30.01.2018).
- Кастанье И.А. (1910) Древности Киргизской степи и Оренбургского края. Труды Оренбургской Ученой Архивной Комиссии. Вып. 22. Оренбург: Каримов, Хусаиновъ и К-о, 1910. 329 с.
- Кожа М.Б. (2014) Об озузских постройках долины р. Сырдарья // «Маргулановские чтения – 2014»: Материалы Международной научно-практической конференции, посвященной 110-летию академика А.Х. Маргулана. Алматы: Павлодар: Ғылыми қазына, 2014. С. 390-399.
- Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). (2010) Бес томдық. 1-том. Алматы: Атамұра, 2010, 544 б.
- Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштерінің жинағы. Қызылорда облысы. (2011) Алматы: Аруна.
- Қоңыратбаев Т. (1996) Ертедегі ескерткіштер: Сыр бойының ежелгі тарихы мен мәдениеті. Зерттеу. Алматы: Өнер, 1996.
- Макшеев А.И. (1856) Описание низовьев Сырдарьи. Санкт-Петербург, 1856. 75 с.
- Мейер Л.Л. (1865) Киргизская степь Оренбургского ведомства. Санкт-Петербург, 1865. 288 с.
- Пугаченкова Г. А. (1949) К проблеме возникновения «шатровых мавзолеев» Хорасана // Материалы ЮТАКЭ. Вып. 1. Ашхабад, 1949. с. 57-71.
- Толстов С.П. (1962) По древним дельтам Окса и Яксарта. Москва: Изд-во вост. л-ры, 1962.
- Хмельницкий С.Г. (1996) Между саманидами и монголами. Архитектура Средней Азии XI – начала XIII в. Берлин; Рига: Gamajun, 1996.

References

- Anichkov I.V. (2011) O nekotorykh mestnostyakh Kazalinskogo uyezda, interesnykh v arkeologicheskom otnoshenii. [About some Kazalinsk region's settlements interesting in archeology]. Protokoly zasedaniy i soobshcheniy chlenov Turkestanskogo kruzhka lyubiteley arkheologii // Istoriko-kul'turnyye pamyatniki Kazakhstana. Turkestan: Turan, 2011. S. 120-123.
- Arkheologicheskaya karta Kazakhstana (1960) [Archaeological map of Kazakhstan]. Alma-ata: Izd-vo AN KazSSR, 1960. 450 s.
- Akhinzhonov S.M. (1995) Kypchaki v istorii srednevekovogo Kazakhstana. [Kypchaks are in the medieval Kazakhstan's history]. Almaty: Gylym, 1995.

- Baytenov E.M. (1986) Zagadka bashni Uzyntama i drugiye pamyatniki Priaral'ya [Uzyntam tower's riddle and other sites of the Aral Sea's area]. // Pamyatniki istorii i kul'tury Kazakhstana. Alma-Ata: Kazakhstan, 1986. S. 43-46.
- Baytenov E.M. (1990) Kazakhskiyе munara [Towers of the Kazakh's time]. // Arkhitekturnoye nasledstvo: [Sb. st.]. Vyp. 37. Moskva: Stroyizdat, 1990. S. 335-344.
- Bilalov S.U., Sultanzhanov ZH.K. (2017) Arkheologicheskiye raboty na srednevekovom gorodishche Zhankent (po materialam 2016 g.) [Archaeological work on the medieval hillfort Dzhanakent (based on materials of 2016)]. // Materialy mezhdunarodnoy nauchnoy konferentsii «Preyemstvennost' arkheologicheskikh pamyatnikov Turkestanskogo oazisa» posvyashchennoy 20-letiyu nauchno-issledovatel'skogo sentra arkheologii. Turkestan, 2017. S. 170-177.
- Ibrayev B. A. (1980) Kosmogonicheskiye predstavleniya nashikh predkov [Cosmogonic representations of our ancestors]. // Dekorativnoye iskusstvo SSSR. 1980. №8. S. 40-44.
- Ibrayev B.A. K Bashni «tyanushchiye nebo» i problemy ozareniya. [Towers that pull the sky and problems of insight]. URL: <http://tengrifund.ru/bashni-tyanushchie-nebo-i-problemy-ozareniya.html> (data obrashcheniya: 30.01.2018).
- Kastan'ye I.A. (1910) Drevnosti Kirgizskoy stepi i Orenburgskogo kraya.[The Kirghiz steppe's antiquities and the Orenburg region]. Trudy Orenburgskoy Uchenoy Arkhivnoy Komissii. Vyp. 22. Orenburg: Karimov, Khusainov» i K-o, 1910.
- Kozha M.B. (2014) Ob ozuzskikh postroykakh doliny r. Syrdar'i [On the Ogyz sites of the Syr Darya River's valley]. // «Margulanovskiyе chteniya – 2014»: Materialy Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, posvyashchennoy 110-letiyu akademika A.Kh. Margulana. Almaty; Pavlodar: Gylymi kazyna, 2014. S. 390-399.
- Kazakhstan tarikhy (kone zamannan byginge deyin). (2010) [History of Kazakhstan (from antiquity to the present day)]. Bes tomnyk. 1-tom. Almaty: Atamyra, 2010.
- Kazakhstan Respublikasynyn tarikhi zhane madeni yeskertkishterinin zhinagy. Kyzylorda oblysy. (2011) [Collection sites of history and culture of the Kazakhstan. Kyzylorda Region]. Almaty: Aruna, 2011.
- Konyratbayev T. (1996) Yertedegi yeskertkishter: Syr boynyn yezhelgi tarikhy men madeniyeti. [Early sites: ancient history and culture of the Syr Darya River's valley]. Zertteu. Almaty: Oner, 1996.
- Maksheyev A.I. (1856) Opisanie nizov'yev Syrdar'i. [The lower reaches description of the Syr Darya]. Санкт-Петербург, 1856. 75 s.
- Meyyer L.L. (1865) Kirgizskaya step' Orenburgskogo vedomstva. [The Kirghiz steppe of the Orenburg department]. Санкт-Петербург, 1865. 288 s.
- Pugachenkova G. A. (1949) K voprosu o «shatrovykh mavzoleyev» Khorasana [To the problem emergences «domical mausoleums» of Khorasan]. Materialy YUTAKE. Ashkhabad, 1949. Vyp. 1. s. 57-71.
- Tolstov S.P. (1962) Po drevnim del'tam Oksa i Yaksarta. [On the ancient deltas of the Oaks and Yaksart]. Moskva: Izd-vo vost. l-ry, 1962. 323 s.
- Khmel'nitskiy S.G. (1996) Mezhdru samanidami i mongolami. Arkhitektura Sredney Azii XI – nachala XIII v. [Between the Samanids and the Mongols. Central Asia's architecture of the XI – XIII centuries]. Berlin; Riga: Gamajun.